



19.06.2024 ж. № 511-2067

19.06.2024 ж. № 184/23-VIII

**Астана қаласында
құрылған жаңа ауданға
атау беру туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 14-1-бабының 2-тармағына, «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы № 211 бұйрығына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Астана қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Астана қаласында құрылған жаңа ауданға «Сарайшық» атауы берілсін.
2. Осы Астана қаласы әкімдігінің бірлескен қаулысы және Астана қаласы мәслихатының шешімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Республикалық ономастикалық комиссияның қарауына енгізілсін.

Астана қаласының әкімі

Ж. Қасымбек

Астана қаласы
мәслихатының төрағасы

Е. Каналимов

**Астана қаласының әкімі
Ж.М. Қасымбекке**

**«Астана қаласында құрылған жаңа
ауданға атау беру туралы» Астана қаласы әкімдігінің қаулысы және
Астана қаласы мәслихаты шешімінің жобасына қызметтік жазба**


Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 14-1-бабының 2-тармағына, «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы № 211 бұйрығына сәйкес «Астана қаласында құрылған жаңа ауданға атау беру туралы» Астана қаласы әкімдігінің қаулысы және Астана қаласы мәслихаты шешімінің жобасын әзірледі.

Осы Астана қаласы әкімдігінің бірлескен қаулысы және Астана қаласы мәслихатының шешімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Республикалық ономастикалық комиссиясының қарауына енгізілетін болады.


Көрсетілген жоба Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейді және құқықтық актілерге қойылатын талаптарды бұзбайды.

Ұсынылған қаулы жобасына қол қоюыңызды сұраймын.

**Астана қаласы
әкімінің орынбасары**



Е. Байкен



**«Астана қаласында құрылған жаңа ауданға атау беру туралы»
Астана қаласы әкімдігінің қаулысы және Астана қаласы
мәслихаты шешімінің жобасына түсіндірме жазба**

| р/с № | Жобада көрсетілуі тиіс мәліметтердің тізбесі | Әзірлеуші мемлекеттік органның ақпараты |
|----------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1. | Құқықтық акті жобасының атауы | «Астана қаласында құрылған жаңа ауданға атау беру туралы» |
| 2. | Жобаны әзірлеуші | «Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» ММ |
| 3. | Құқықтық актіні қабылдау қажеттілігінің негіздемесі нормативтік | «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 14-1-бабының 2-тармағына, «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы № 211 бұйрығына сәйкес. |
| 4. | Жобаны іске асыруға байланысты болжанған қаржы шығындары | Болжанбаған |
| 5. | Жоба қабылданған жағдайда күтілетін нәтижелердің нақты мақсаты мен мерзімі, енгізілген ұсыныстардың тиімділігі | - |
| 6. | Жобада көрсетілген мәселелер құзыретіне кіретін мемлекеттік орган басшысы қолының болмау себебі | Барлық қол қойылған |

| | | |
|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------|
| 7. | Жобада көзделген мәселелер бойынша бұрын қандай нормативтік құқықтық актілер қабылданды және де әзірлеуші оларды қалай орындады | - |
| 8. | Бұрын қолданыстағы нормативтік құқықтық және өкімдік актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді ме | - |
| 9. | Осы акт Әділет департаментінде тіркеуге жатады ма | Мемлекеттік тіркеуге жатпайды |
| 10. | Бұқаралық ақпарат құралдарында жариялану туралы мәлімет | БАҚ-та жариялауға және интернет-ресурстарда орналастыруға жатпайды |

«Астана қаласының
Тілдерді дамыту және архив
ісі басқармасы» ММ басшысы



С. Есіркеп